

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 __ жылғы «__» _____

№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

«__» _____ 20 __ года

**2022 жылғы 15 маусымда
жарияланды**

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
Орынбасары
Е.Л. Тоғжановқа**

Депутаттық сауал

Құрметті Ералы Лұқпанұлы!

Біздің депутаттық сауалымыз Премьер-Министрдің Орынбасары Е.Л. Тоғжановқа жолданады және ол халықпен кездесулер барысында айтылған мүгедектігі бар адамдарды кресло-арбалармен қамтамасыз ету проблемаларына қатысты.

Бүгінгі таңда әлемде мүгедектігі бар адамдарға деген көзқарас толық өзгеріп жатыр және мүгедектік адамға қойылатын шектеулерге себеп болмауы тиіс деп саналады. Осыған қарамастан, мүмкіндігі шектеулі жандарға жағдай әлі де толыққанды жасалмай отыр.

Мүмкіндігі шектеулі адамдарды өмірлік қажетті құралдармен дер кезінде қамтамасыз ету, сондай-ақ мүгедектерге арналған арбаның пайдаланылу мерзімі бойынша туындап жатқан мәселелер аз емес. Қамтамасыз етудің қазіргі жүйесі ерекше мұқтаждығы бар адамдарға қажетті талаптарға сай келмейді. Мүгедектерге арналған арбаның ыңғайсыздығы олардың онсыз да мәз емес жағдайын одан сайын нашарлатады, омыртқаның қисаюына себеп болады, дененің тері қабаттарының зақымдалуына алып келеді. Сондықтан мүгедектігі бар адамдар кресло-арбалардың қазіргі заманғы функционалдық пайдалы түрлерін өздерінің таңдауына мүмкіндік беруді сұрайды.

Осыған байланысты олар арбаның нақты моделін көрсету және мүгедектігі бар әрбір адамға жеке-жеке қарау қажет деп есептейді.

Құрметті Ералы Лұқпанұлы!

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Сізден аталған мәселелерді шешу үшін мемлекеттік уәкілетті органдарға тиісті тапсырмалар беруіңізді және осы депутаттық сауалға заңнамада белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруді сұраймыз.

Құрметпен,
**Қазақстан халқы Ассамблеясынан сайланған
Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің депутаттары**

**В. Набиев
С. Абдрахманов
А. Амирханян
І. Бұларов
Н. Дементьева
Ю. Ли
З. Кузиев
Ш. Осин
А. Хамедов**

Жұмажанова А.С.
74-67-80

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 __ жылы «__» _____

№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

«__» _____ 20 __ года

Оглашен 15 июня 2022 года

Заместителю
Премьер-Министра
Республики Казахстан
Тугжанову Е.Л.

Депутатский запрос

Уважаемый Ералы Лукпанович!

Наш депутатский запрос адресован Заместителю Премьер-Министра Тугжанову Е.Л. и касается проблем обеспечения лиц с инвалидностью креслами-колясками, которые были озвучены в ходе встреч с населением.

Сегодня в мире отношение к людям с инвалидностью меняется в корне и считается, что инвалидность не должна являться причиной ограничений человека. Несмотря на это, лицам с ограниченными возможностями не в полной мере создаются должные условия.

Немало вопросов вызывает и своевременность обеспечения лиц с инвалидностью жизненно необходимыми средствами, а также сроки эксплуатации инвалидных колясок. Существующая система обеспечения не отвечает требованиям, необходимым людям с особыми потребностями. Неудобная инвалидная коляска и без того ухудшает их состояние, приводит к искривлению позвонков, повреждению кожных покровов тела. Поэтому лица с инвалидностью просят дать им возможность самим выбирать современные функционально полезные виды кресел-колясок.

В этой связи они считают необходимым указывать конкретную модель коляски и индивидуально подходить к каждому лицу с инвалидностью.

Уважаемый Ералы Лукпанович!

На основании вышеизложенного просим Вас дать соответствующие поручения государственным уполномоченным органам для решения указанных вопросов и дать письменный ответ на данный депутатский запрос в установленный законодательством срок.

№ исх: ДС-191 от:
16.06.2022

С уважением,
Депутаты
Мажилиса Парламента Республики Казахстан,
избранные Ассамблеей народа Казахстана

В. Набиев
С. Абдрахманов
А. Амирханян
И. Буларов
Н. Дементьева
З. Кузиев
Ю. Ли
Ш. Осин
А. Хамедов

Жумажанова А.С.
74-67-80